

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ақпаратты қорғау жөніндегі мемлекеттік техникалық комиссияны тарату және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Ақпаратты қорғау жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 20 ақпандағы N 240

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ақпаратты қорғау жөніндегі мемлекеттік-техникалық комиссия таратылсын.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан консультативтік-кеңесші орган - Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Ақпаратты қорғау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылсын.

Ескерту. Ақпаратты қорғау жөніндегі мемлекеттік комиссия таратылды - ҚР Үкіметінің 1997.05.10. N 684 "ҚБПҮ" қаулысымен. (РҚАО-ға түскен жоқ)

3. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Дүйсенов Дүйсенбай Төлеубайұлы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Ақпаратты қорғау жөніндегі мемлекеттік комиссияның төрағасы болып тағайындалсын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Ақпаратты қорғау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы ережені әзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына тапсырсын.

5. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 27 қазандағы N 903-33 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі